



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

халық санасында жоғалған. Керісінше, одан әрі үздіксіз дамып, халық арасында кеңінен пайдаланылды. Көркем шығармалардың барлығында дерлік мифологияның, құрығанда, бір ұшқыншағы көрінеді, яғни поэтикалық шеңбері түрліше дамып, көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://ru.wikipedia.org/wiki/Мифема>.
2. Лосев А.Ф. – Философия. Мифология. Культура. – Москва, 1991.
3. Белый А. – Символизм и миропонимание. – Москва, 1994.
4. Сыбанбаева А. – Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002.
5. Тұрышев А.Қ – Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. – Павлодар, 2010.
6. Керимбаева С.Е. – Ономастическая экспликация мифологической мира в казахском языке. -Алматы, 2004.
7. Юнг К.Г. Об архетипах коллективного бессознательного. -Москва: Ренессанс, 1991.
8. Тлеубердиев Б.К. - Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілер. – Алматы: Арыс, 2006.
9. Ақбердиева Б.К. – Лексика-фразеологиялық мифтік-танымдық құрылымдар. – Алматы, 2000.
10. Жұбанов Е. – Қазақ ауызекі көркем тілі. – Алматы, 1999.

ӘӨЖ 821.512.122-3.09

М.МАҒАУИННИҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДАҒЫ МЕТОНИМИЯЛАРДЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Байбол Бекзат Мейрамбекқызы

bibon_kz95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.С.Мұхтарова

Сан қилы тарихқа толы «Аласапыран» романының қазақ тілімізде, тарихымызда алатын орны зор. Романда метонимиялар көптеп кездеседі. Метонимия дегеніміз – бір жақ аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағына аралығында жақындығымен бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданылатын және сол құбылысты түгел көрсете алатын көркемдік тәсіл. Олардың тілдік тұрғыдан алғанда мағынасы өте зор. Автор троптарды кең қолданған. Метонимиялардың орнын ауыстыру арқылы мағыналарын ашып кеткен. Қай тіл болса да, оның сөздік қорының мол болуы сол тілде сөйлеушілердің қарым-қатынасын жақсартуға, айтайын деген ойын терең, мазмұнды етіп түсіндіруге өз септігін тигізеді. Тілдің қолдану аясының кеңдігін танытатын құбылыстың бірі, ғылымда троптар деп аталады, ал оның негізгі бір түрі – метонимия.

«Метонимия» гр.сөзі, атын өзгертіп, алмастырып атау деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш метонимияға анықтама беру Аристотельден басталады. Одан кейін Квинтилиан мен Цицерон түсіндіріп кеткен. Қазақ тіл білімінде метонимияға берілген анықтамалар да аз емес. Мысалы, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың анықтауынша, «метонимия» - бір сөздің орнына екінші бір сөздің ауыс қолданылуынан шығатын іргелес ұғым. Академик З.Қабдоловтың тілімен айтсақ, метонимия «өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану». Ал Қ.Жұмалиев былай деп анықтама берді: «Не құбылыстың бір жағы, не аттары алынып, өз мағынасында емес, екінші мағынада араларындағы жақындығымен бірінің

орнына екіншісі алмастырылып қолданылса және сол құбылысты түгел көрсете, метонимия дейді». «Метонимия дегеніміз – белгілі бір заттар мен құбылыстардың сыртқы және ішкі мән-мағынасының реалды байланыстылығына қарай алмастыру амалы» дейді Ә.Хасенов. Қазақ халқының ірі ғалым-лингвисті А.Байтұрсынов та метонимияның әдеби шығармалар үшін айрықша мәні бар екендігін атап көрсете келіп: «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту төмендегі түрі болса, онда ауысу – алмастыру» деп аталады. Қазақ тіл білімінде метонимияға арналған толық зерттеулер өте аз. Метонимияны тілдік құбылыс ретінде қазақ тілінде тұңғыш зерттеген Л.Нұржекеева ғылымда метонимияны синекдохадан бөліп, екеуін троптың екі басқа түрі деп қарайтындар да бар екенін айта келіп, өзінің соңғы пікірге қосылатынын айтып, бұл ойын жан-жақты дәлелдей отырып, жаңа ғылыми ереже ұсынады. Ол ереже метонимия мен синекдоханың негізгі табиғаты мен ерекшеліктерін түгел қамтиды. Сондықтан синекдоханы метонимияның бір түрі деп қарастырады. Сонымен, Л.Нұржекееваның ізімен метонимия мен синекдоханы бір категория деп қарай отырып, оларға мағыналық жағынан ашық метонимия (синекдоха) және көмескі метонимия ретінде мысалдар келтірдік. Жазушы бірде тұрақты тіркес компоненттерінің бірі болдырып жай метонимияларды қолданса, тағы бірде күрделі метонимия болатын тұрақты тіркестерді өз мақсаттарына сай шеберлікпен қолданған.

Мысалы:

«Анау үйдің құдасы келіп жатыр» дейміз. Құда үйдікі емес, ол үйдегі адамдікі.

«Ауыл қалың ұйқыда» дейміз. Ауыл ұйықтамайды, ауылдың адамы ұйықтайды.

«Ет берілді ме?» дегеннің орнына «Табак тартылды ма?» деп алмастырып айтамыз [1;7,8,9].

Жазушы Ә.Кекілбаев тұрақты тіркесті заттандырып, «телмірушілер, андушылар» мағынасын алмастырып тұрған күрделі метонимия түрінде қолданған.

Не керек қараң қалған қараша ауыл

Боз дөңде баяғыша мүлгіп тұрды.

Қайран ел қанды қолдан жайрап қалды

Қыр кектің бір үйірін айдап қалды.

Қыр желі құтырынды, ысқырынды,

Ақ боран азу тісін қайрап қалды.

Қайғыдан қар жамылып қасқа дала

Жоғарыда берілген өлең жолындағы «қанды қол» фразеологиялық тіркесі жаудан, дұшпаннан зардап шеккен ел деген мағынада жазушы қолданған метонимия түріндегі тіркес қазақ тілінің фразеологиялық қазынасын толықтырып байытты деуге болады [2;232].

Сол сияқты М.Мағауинның «Аласапыран» романында метонимиялар көптеп көптеп көрініс тапқан. Оларды мына төмендегі мысалдардан көруімізге болады.

Хақ-Назар хан **шаһид** болғалы өткізілмек ең үлкен кеңес еді [3;6]. Шаһид сөзі Алланың сүйікті құлы жұмаққа барғалы деген мағынада қолданылып тұр.

Ұрыс дабылына енді ғана араласқан. [3;7]. Ұрыс – соғысу, айқасу, төбелесу деген мағынада [4;8616]. Автор бұл жерде соғысқа енді араласа бастады деп айтқысы келген.

Қорлықтың үлкені Созақтың биік дарбазасынан басталады [3;7]. Қорлық – күштінің әлсізге көрсеткен озбырлығы, жәбір, жапа шегу деген мағына [4;523]. Бұл сөйлемде жапа шегудің көкесі Созақтың биік шыңынан басталады.

Ақсүйектің тізгінін тежеген [3;7]. Ақсүйек – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны, билеуші таптардың өкілі, алпауыт тұқымы [4;33]. Жазушы бұл жерде билеуші таптардың өкілі туралы сөз етіп отыр.

Хан әуелі өзінің **игі жақсыларды** қала сыртында, алдан шығып, лайықты қарсылай алмағаны үшін, тым құрса, **ақсақалдарға** арнай кіріп, сәлем беріп шықпағаны **ғафу** өтінді [3;8]. Игі жақсылар – жақсы адамдар, ізгілер, үстем тап өкілдері, бай, ізгі ниетті адамдар [4;350]. Жазушының игі жақсылар деп отырғаны үстем тап өкілдері, сыйлы байлар. Ақсақал – ел билеген ру басы, жасы үлкен сыйлы адам [4;32]. Жазушы жасы үлкен сыйлы адамдарды ақсақал деп ауыстырып отыр. Ғафу – кешірім беру, айыпқа бұйырмау [4;394]. Кешірім сөзін

ғафу сөзімен ауыстырып отыр. Автордың айтпақ ойы: ханның сыйлы байларды қарсы алмағаны үшін, жасы үлкен кісіге сәлем бермегені үшін кешірім сұрап тұрғанын айтып тұр.

Жылжи көшіп, **Сібір жұртын алайық** [3;8-9]. Сібір жұртын емес, сол жұрт тұрып жатқан жерді алады. Жұрт пен жер байланысты болғандықтан, жердің орнына жұрт сөзі пайдаланылып тұр.

Ойдағы берекелі іс байыпты мұрат табуы үшін, **алаштың арқасы кеңіп**, қайтадан еңселі орда тігуі үшін...[3;9]. Алаштың арқасы кеңіді – қазақтың кең құлаш жайып, еркіндік алуы [4;55]. Жазушы азаттықты аңсаған еркіндік алғысы келгенін меңзеп тұр.

Біреулер тұнжырап төмен қарады [3;9]. Бір – жалғыз ұғымын білдіретін сан есім, біреу – сілтеу есімдігі [4;165]. Бұл жерде адамдар ұғымымен ауыстырылып тұр.

Хандарын көлденең **кеселден** көз жұмса, елге кім **иелік етеді** [3;10]. Кесел – ауру, сырқат, дерт [4;390]. Иелік ету – ие болу, қожалық ету [4;351]. Айтылмақ болған ой: ханның аяқ асты келетін аурудан көз жұмса, артындағы еліне кім иелік ететінін меңзеп отыр.

Топырлатып тай сойылды [3;11]. Тай өзі емес, оны соятын адамдар. Топырлатып тай сойылу. Екі жасқа толмаған жылқыны топырлатып бауыздады.

Тіріге киім, **өліге** кейін керек [3;12]. Тірі адамға, өлі адамға деген мағынада. Тірі – жаны бар, өлмеген, мысылы, еті тірі деген де болады [4;847]. Өлі – қаза тапқан, дәм-тұзы таусылған, ауыспалы мағынада: надан, санасыз, топас [4;652]. Жазушының айтып отырғаны жер бетінде басып жүрген жан мен өмірден өткен адам.

Тұтығыңқырап, **тез оңалды** [3;13]. Тез оңалу- жылдам, әп-сәтте жөніне келу, түзелу, қатарға қосылу. Ауыспалы мағынада: сырқатынан жазылу [4;634]. Бұл жерде тез арада есін жиды деген мағынада қолданылып отыр.

Хан әр сөзін **шегелей сөйлеп** кетті [3;14]. Шегелеп сөйлеу – қатты, мықты, нақты қадап-қадап сөйлеу [4;911]. Ханның әр сөзін нақты қадап-қадап айтқаны туралы меңзеп тұр.

Сенің **жүзің** өлсе, оның **бірі** өлер [3;16]. Жүз – бет, пышақ, сан және жүзге бөліну [4;321]. Бір – есептік сан есім ең алғашқысы, жалғыз, жалқы [4;165]. Бұл сөйлемде жүз деп отырғаны адамдар, жүз адам деген секілді, жалғыз деп ауыстырып отыр.

Алыс та болса **атағы жер-жаһанды** дүбірлетіп жатқан орыстармен **тіл қатыспай** болмас [3;17]. Атағы жер-жаһанды дүбірлетті – абыройы, даңқы, беделі шықты, ел аузына ілікті, дүниені күңіrentті [4;66,297]. Тіл қатыспау – сөйлеспеу, араласпау [4;844]. Автордың сөз етіп отырғаны өз еліміз емес көрші тұрған алыс ел болса да, оның атақ-даңқы әлемді дүбірлетіп отырғандықтан, олармен араласпай болмас дейді.

Қолма-қол сарай алаңынан жер-ошақтар қазылып, **тай-қазандар асылды** [3;20]. Тай-қазан сөзі тағам, ет сөзімен ауыстырылып қолданылып тұр. Тай-қазандар асылды – тамақ жасалды, ет салынды [4;450]. Сарайдың алдынан жер-ошақтар қазылып, тағамдар пісіріліп, ет салынғаны туралы айтылып отыр.

Көз байлана, **елаяғы** басылған шақта [3;23]. Аяқ – дене мүше, ауысп. мағ аяққа киген киім, бір нәрсенің соңғы жағы, бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы [4;79]. Бұл жерде тыныштық орнаған кезде, шу басылған кезде деген мағынада ауыстырылып отыр.

Қандауырдың жүзіндей қайқы кірпіктері ұзын екен [3;24]. Қандауыр – шағын қанжар, кездік. Жүз – пышақ, ру, бет-әлпет, сан есім, ұстара, қылыш сияқты заттардың өткір жағы сияқты көптеген мағына береді [4;321]. Автор қанжардың қырындай өткір деген мағынада қолданып тұр.

Ораз-Мұхамед **сөз аяғын** тосып отыр [3;306]. Сөздің соңын күтіп отыр деген мағынада қолданып тұр.

Сұр қазы жеймісіз, тоңазыған жамбас мүжимісіз?-деді Ай-Шешек **дастарқанды** Ораз-Мұхамед алдына жылжытып [3;30]. Дастарқан – үстіне тағам қою үшін жайылатын қалың малта [4;189]. Дастарқан – жалқының орнына қолданылатын жалпы атау. Яғни, тағамды Ораз-Мұхамедке жылжытып бергені жайлы меңзеліп тұр.

Түркістан мен Сауранды алған соң күніне екеуден және ылғи **жібектен** киесің деді тағы [3;34]. Жібек – жібек құрты оралған жіптен жасалған әдемі, жылтыр мата [4;33].

Алты арыс елдің бір легі [3;35]. Алты арыс ел – алты атадан тараған бір ру [4;43].

Керей руының бір тобы туралы сөз етіледі.

Сәлемшілер сұлбасы көзге көрінісімен, жасы кіші үш әйел де қозғалақтап, жинақыланып отырды [3;43]. Сәлемші – сәлем бере, айта келген адам [4;719]. Сұлба – бейне, тұлға [4;746]. Сәлем бере келген адамдар ауыстырылып тұр.

Қорытындылай келгенде, «Аласапыран» романында метонимиялардың көптеп кездесетініне куә болдық. Зерттеу негізінде метонимияларды «Аласапыран» романынан теріп, олардың мағынасына түсінік беріліп өтілді. Осы романды оқи отырып, жазушы алуан түрлі сөздердің орнын ауыстырып жазғанын көруімізге болады. Осы романның тілдік сипаты тұрғысында метонимиялардың мол екендігін аңғардық. Олардың барлығын бір жұмыс көлеміне сиғызу мүмкін емес. Өйткені, романда метонимиялар көптеп ұшырасқандықтан, оларды жіпке тізгендей тізіп, теріп шығу оңай дүние емес. Бұл көп зерттеуді қажет етеді.

Ұсынысымыз: «Аласапыран» романында кездесетін барлық метонимияларды тізіп, олардың мағынасын талдап, сөздік ретінде шығарып, оның таралуын қамтамасыз ету керек. Осы романды оқи отырып, онда кездесетін метонимия құбылысын жан-жақты тұрғыдан қарастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.Нұржекеева «Метонимияның лингвистикалық табиғаты», Алматы «Қазақ Университеті», 1992. – 80 б.
2. Ә.Кекілбайұлы «Он екі томдық шығармалар жинағы», Алматы «Өлке», 1999. 464 б.
3. М.Мағауин «Аласапыран» роман-диалогиясы, Алматы «Жазушы», 1988. – 912 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.

УДК: 371.13

«АНА» КОНЦЕПТІСІ Ғ.МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

Байболова Данагүл Оралбаевна

danka18-94@mail.ru

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ІҮ курс студенті,

Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Қ.Қ.Мұқанова

Белгілі бір ұғымның адам санасында қалыптасуын, оның дамуын әр ұлтта сол ұғымның қабылдану ерекшелігін анықтауды бір ғана тіл біліміне артып қою дұрыс болмайды. Тілдің танымдық, бейнелілік, ғылыми, «әлемдік тұтастық» сипатын зерттеуді жеке тілдік деректер шырмауына байланбай, жалпы адамзат дүниетанымының тұрғысынан қарау шарт. Тілдің танымдық сипаты әр түрлі ғылымға ортақ мәселе. Қазіргі лингвистикада тілдің бұл мәселесін жалпы философиялық, психологиялық пайымдаулар арқылы шешуге ұмтылуда. Алайда, тіл мәселелері – алдымен лингвистиканың өзекті зерттеу нысаны. Сондықтан да осы мәселенің жұмбағын тек лингвистика мен когнитивтік лингвистика шеше алады.

Тіл біліміндегі түрлі бағыттағы зерттеушілер «концепт» ұғымын әр алуан мәнде қолданады. Аталмыш термин әсіресе, тілді логикалық талдау, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психолингвистика салалары бойынша жазылған еңбектерде жиі кездеседі. Санамаланған ғылым салаларында бұл терминнің түрліше түсіндірілуі, ең алдымен оған негіз болған латын сөзінің «conceptus» көп мағыналылығына байланысты.

Адам баласын өмірге әкелетін, өмір бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіретін, жақсылығын асырып, жамандығын жасырып отыратын – оны дүниеге әкелетін анасы. Ақындар мен жазушылардың ішінде ана тақырыбына қалам сілтемегендері жоқ екендігі тағы ақиқат. Бір қолымен бесікті тербетіп отырса, екінші қолымен әлемді